# Шығыс Қазақстан облысы
# Жарма аудандық білім бөлімінің
# «Бірлік орта мектебі» КММ

**Мусакиева Б. М.**

# Әзілхантану

**Қолданбалы курсы 9-10-11-сынып оқушыларына арналған**

**Авторлық бағдарлама.**

**2021 жыл**

**Пікір жазған**

**Мусакиева Б. М.**

**Әзілхантану. Қолданбалы курсы9-10-11-сынып оқушыларына арналған.Авторлық бағдарлама. Жарма аудандық білім бөлімнің «Бірлік орта мектебі» КММ./ Б. М. Мусакиева.**

Авторлық бағдарлама XX ғасырдағы классик жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұраларын оқушыларға жан- жақты жете таныстыру мақсатында жазушы шығармалары арқылы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді басшылыққа ала отырып жазылған.Авторлық бағдарлама оқушылардың интеллектуалды жәнешығармашылық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында тиімді жазылған.Бағдарламада балалардың өздігінен ізденуіне,сыни тұрғыдан ойлануына тапсырмалар берілген.
Жазылған бағдарлама - мектеп оқушылары үшін баға жетпес құрал,үлкен еңбек. Бұл еңбек келешек ұрпақ үшін асыл қазынаға айналып, мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін өркениет қорына олжа болары сөзсіз.

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Жарма аудандық білім бөлімі «Бірлік орта мектебі» КММ-нің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі , зерттеуші-педагог Мусакиева Бақытгүл Мубараковнаның жерлес жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың шығармалашылық мұраларын оқушыларға жан-жақты жете таныстыру мақсатында жазушы шығармалары арқылы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді басшылыққа ала отырып жазған «Әзілхантану» авторлық бағдарламасына

Пікір

«Әзілхантану» авторлық бағдарламасы оқушыларға қаламгер Әзілхан Нұршайықовтың өмірінен, шығармашылығынан толық мағлұмат береді. Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы сыйлықтың лауреаты, А.А.Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, ІІ дәрежелі Даңқ, «Құрмет белгісі», Халықтар достығы және ІІ дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Батырлығы үшін», «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», медальдарымен марапатталған майдангер жазушының өмір жолымен танысу, автордың қолынан шыққан шығармаларын оқу болашақтың еншісінде.

Авторлық бағдарлама оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында тиімді жазылған. Бағдарламада балалардың өздігінен ізденуіне, сыни тұрғыдан ойлануына тапсырмалар берілген. Білім алушының көркем әдебиетке қызығушылығын арттырып, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыруға ерекше мән берілген.Бағдарлама құрылымы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес, тәрбиелік мәні зор. Ізденуші көптеген ғылыми-әдістемелік материалдармен, көркем әдебиетпен жұмыс жасаған.

Авторлық бағдарлама жүйелі жазылған. Білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсат негізге алынған. Әзағаның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, атқарған қызметі, тағылымы мол нақыл сөздері оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, сөздік қорын, дүниетанымын байытады. Өзіндік ойын айту,түйін жасай білу дағдысын қалыптастыратынын өсиет сөздері де бағдарламадан өз орнын тапқан. Оқушыларды қатыгездік пен мансапқорлықтан жирендіру, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеу, ғылым, білімді насихаттау мақсатында жазылған авторлық бағдарлама заман талабына сай.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО дейінгі білім беру факультеті
Шетелдіктердің тілдік және жалпы
білім беру дайындығы кафедрасының
ф.ғ.к. доценті Мұсаева Г.Ә.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Жарма аудандық білім бөлімі «Бірлік орта мектебі» КММ-нің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, зерттеуші-педагог Мусакиева Бақытгүл Мубараковнаның «Әзілхантану» авторлық бағдарламасына

**Пікір**

Авторлық бағдарлама мақсаты, міндеті, өміршеңдігі, негізгі ойы, жұмысының барлығы бағдарлама талабына сай жазылған. Заманауи оқыту мен тәрбие үрдісінің негізгі идеясы оқушыларды ізденімпаздыққа үйрету, оны күнделікті өмірде қолдана білетін оқушы тәрбиелеу үшін таптырмас құрал.

Жазушының өмірі, шығармашылығын тереңдетіп оқытуға ұсынылған бағдарлама оқушылардың дарындылығы мен шығармашылығын анықтауға және одан әрі дамытуға арналған. Тереңдетілген танымдық тапсырмалар негізінде оқушылардың қызығушылығын арттыру, ой-өрісін дамыту арқылы білім алудағы негізгі талаптарды жүзеге асыруға бағытталған.

Аталмыш бағдарлама жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың шығармалашылық мұраларын оқушыларға жан-жақты жете таныстыру мақсатында жазушы шығармалары арқылы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді басшылыққа ала отырып жазылған.

Оқушылар ұсынылған бағдарламаға сай білімді терең меңгереді, шығармашылық қабілеті дамиды. Өзінің жан дүниесін танитын, өзін өзгелермен салыстыра алатын, іс-әрекетіне талдау жасай алатын тұлға болып қалыптасуына көмек береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО дейінгі білім беру факультеті
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру
дайындығы кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты М.П. Ешимов

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Жарма аудандық білім бөлімі «Бірлік орта мектебі» КММ-нің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі , зерттеуші-педагог Мусакиева Бақытгүл Мубараковнаның жерлес жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың шығармалашылық мұраларын оқушыларға жан-жақты жете таныстыру мақсатында жазушы шығармалары арқылы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді басшылыққа ала отырып жазған «Әзілхантану» авторлық бағдарламасына

**ПІКІР**

Ұстаз «Авторлық бағдарлама» жазу барысында кемеңгер жазушының көп томдық прозалық шығармаларын тұтастай кешенді түрде бірнеше қайтара оқып, талдап, түр-түрге бөліп, көркемдік бейнелеу үлгілерін жазушы жаңашылдығын айқындады.

Авторлық бағдарлама оқушылардың ақпараттық технология дамып тұрған заманда кітап оқуға қызығушылығын арттырып, түсініп оқуларына, пайымдауларына, үлгі алуларына бейімдейді. Автор шығармаларындағы кейіпкерлердің сұлулығы мен сыршылдығы эстетика мен этикаларынан, мінсіз ерекшеліктерінен үлгі алуға жетелейді. Жазушы шығармаларындағы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің өзі адам тәрбиелеудегі алтын діңгек.

Тарлан тұлға, даңқты дарын, тек Шығыс Қазақстан облысының Жарманың ғана емес, барша қазақ елінің мақтанышы. Жасөспірім баладан бастап, бозбала мен бойжеткеннің, ақыл тоқтатқан азамат пен азаматшаның, қарт пен қарияның сүйікті жазушысы. ХХ ғасырдағы классик жазушы Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары бойынша жазылған бағдарлама -мектеп оқушылары үшін баға жетпес құрал, үлкен еңбек.

Бұл еңбек келешек ұрпақ үшін асыл қазынаға айналып, мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін өркениет қорына олжа болары сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
аға оқытушысы, филол.ғ.к. Е. Карбозов

Бакытгуль Мубараковна Мусакиева

«Бірлік орта мектебі» КММ-нің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің жоғары санатты,
зерттеуші- педагогы
ШҚО, Жарма ауданы, Бірлік ауылы

# «Әзілхантану»

## Қолданбалы курсы

9-10-11-сынып оқушыларына арналған

(Аптасына 1 сағат, барлығы 34)

## Түсініктеме хат

Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. А.А. Фадеев атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлық – күміс медалінің иегері. Екінші дәрежелі Даңқ, «Құрмет белгісі», Халықтар Достығы, Екінші дәрежелі Отан соғысы ордендері, 3-дәрежелі «Даңқ» ордені және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. «Махаббат жыры», «Тоғыз толғау», «Автопортрет», «Махаббат, қызық мол жылдар» романы, «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы, тағы басқа кітаптардың авторы. Қазақ елінен шыққан қаламы қарымды, ойы ұшқыр жазушының шығармаларын терең танып білу мақсатында жазылып отырған бағдарлама келешекте ел тізгінін ұстайтын жалынды жастарға арналған. Өскелең ұрпаққа берер тағылымы мол, халыққа өлмес туындылар сыйлаған жазушының мол мұрасы халық жадында мәңгілік қалары сөзсіз. Жастардың жігерлі, жасампаз болуы ұлт мұрасын ардақтайтын ұлтжандылықтан басталады. Тілін, мәдениетін, әдебиетін сүйетін үлкен жүрегі болу үшін ұлт тарихын, ұлы тұлғалардың өмір жолын білу керек. Әдебиет әлеміне құнды мұралар қалдырған ұлы тұлға,жерлес жазушы Ә. Нұршайықов өскелең ұрпақтың жадында мәңгі сақталатыны сөзсіз.Ұлт мүддесін ұлықтап, тарих тағылымын дәріптейтін әр шығармалары өміршең болу үшін, мектеп партасында отырған шәкірттерді таныстыру – менің ұстаздық парызым.Көкірегі қазынаға толы көне тарихтың қатпарынан суыртпақтап сыр іздейтініміз бар. Өткенімізден өнеге іздейміз,өшкенімізден жылу күтеміз. Кейде тірі тарихтың қасымызда жүргенін, арамызда отырғанын байқамай да қаламыз. Әр сөзі үлгі, әр сөзі шежіре Әз-аға-нағыз халақ жазушысы. Оның әрбір шығармасын жұртшылық қызығып оқиды. Әр шығармасы жарқыл қаққан ізгіліктер әлемі.Әзілхан Нұршайықов 1922 жылы 15желтоқсанда Жарма ауданына қарасты бұрын Келінсүйегі, кейін Мұқыш ауылы деп аталған елді мекенде, сол жердегі Қарасу деген ұзындығы 4-5

шақырымдай ғана кішкене өзеннің бойындағы Астырттағы ауыл деген жерде дүниеге келген. Әкесінің аты – Нұршайық, шешесінің аты – Мұхтар. Әзілхан аға кішкентайынан ат құлағында ойнап өскен.Бұл бағдарлама көрнекті қаламгер, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығына арналған.Адам баласының бойындағы асыл қасиеттердің бірі – адамгершілік болса, осы асылды жырлап адамның табиғаты мен тылсымға толы жан дүниесінзерттеуге бағытталған шығармалары оқырманға жол тапты. Ұлтын сүйер ұрпақ тәрбиелейік десек, майдангер жазушы Ә. Нұршайықовтың шығармаларын оқыту жеткілікті деп ойлаймын. Оның қаламынан шыққан сөз маржанында патриоттық рух бар.

Ә.Нұршайықовтың шығармалары қай кезде де құндылығын жоймақ емес. Әзілхан Нұршайықовтың қолынан шыққан дүниелері жалықтырмайды, қызықтырады, жеңіл оқылады. Әзағаны бүкіл қазақ халқы жақсы көреді.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы,Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың және А.А.Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовты жерлестері пір тұтады, қатты сыйлайды. Жақсы естеліктермен еске алады.

Біздің ШҚО, Жарма ауданы, «Бірлік орта мектебі» КММ-де ақынның өмірінен толық дерек бере алатын, «Әзілхан Нұршайықов» кабинет-мұражайы ашылған. Оқушыларға жерлес жазушы өмірінен толық мағлұмат беру үшін мектеп мұражайына саяхат ұйымдастырылады. «Жерлесім – мақтанышым» дөңгелек үстелінде жазушы шығармалары бойынша ойларын ортаға бөлісіп, өздері дайындап келген шығармаларынан үзінді оқиды. Мектебіміздің ақындары Әз-ағаға арнауларын арнайды. Қаламгер Ә.Нұршайықовтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы естелік презентацияны көрсету арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеуді жүзеге асырудамыз. Ауданымыздың мектептерінің көркем сөз оқу шеберлері арасында қаламгердің шығармаларынан үзіндіні мәнерлеп оқу сайысын өткізу аудандық білім бөлімімен мақұлданған. Аудан көлемінде жазушыға арналған игі іс-шаралар үнемі жүргізіліп тұрады. Жыл сайын білім ордамызда майдангер жазушы, Қазақстан Республикасының халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Әзілхан оқулары» байқауы, семинарлар өткізіледі. Осы шара аясында ақын шығармашылығын насихаттау мақсатында кітап көрмесі, мәнерлеп оқу жарыстары, дәстүрлі түрде танымдық жарыстар, кештер өтіп тұрады.

Бағдарлама жалпы орта білім беретін мектептің жаратылыстану бағытындағы 9-10-11-сыныптарға арналған. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Оқушыларға жерлес жазушы туралы терең білім беруді көздейді.

Әзағаның прозалық шығармаларын терең меңгерту, хабардар ету парызым деп білемін. Бұл бағдарлама осы мәселелерді одан ары қамту, меңгерту мақсатында жазылып отыр.

**Бағдарламаның мақсаты** – Әзілхан Нұршайықов өмірі және шығармаларымен мейлінше терең таныстыру, ойлау-сөйлеу дағдысын жетілдіру, ғылыми-зерттеушілік жұмысқа баулу. Өздігінен оқуға үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

**Бағдарламаның өзектілігі** – оқушылардың жерлес-жазушы шығармаларын, естеліктерін, күнделіктерін оқу арқылы шығарманың көркемдік құдіретін түсінетін, ауызша, жазбаша тіл мәдениеті жетілген өркениетті қоғамның өнегелі, білімді, жан-жақты тұлғасын тәрбиелеуге бағытталған.

Сөз өнеріне бейімді, шығармашылық қабілеті бароқушылардың талабынажол сілтейді, талантын ұштайды. Әрбір тақырыптыөткен кезде шығармашылық жұмыстармен, білім-білік дағдысын, ізденгіштігін қалыптастыруға тапсырмалар беріледі.

**Күтілетін нәтиже:**

- Оқушылар көркем әдебиет оқуға бейімделеді.
- Көркем шығарма оқуға қызығушылығы артады
- Өз бетінше ізденіп, шығармашылығы шыңдалады
- Ана тіліміздің жанашыры, болашақ журналистер дайындалады.

# Мазмұндық бөлім:

1. Кіріспе Әзілхан Нұршайықов өмірі мен қызметі

1922 жылы 15 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы Келінсүйегі елді мекенінде («Ақбұзау» ұжымшары) туған. Ауылдағы орталау мектепті бітіріп, Алматы Тау-Кен институтының жұмысшы факультетінде, Семейдің Абай атындағы қазақ педагогтік училищесінде, одан соң педагогтік институтта оқыды.

2. Әзілхан Нұршайықов өскен орта. Әзағаның ұрпақтары туралы.

Туған жылым ескіше ит жылы екен. Оны жақындарымның бәрі біледі. Әкемнің аты Нұршайық, Нұршайықтың әкесі Аманкелді, Аманкелдінің әкесі Бердібай, оның әкесі Малбақты, оның әкесі Қосай, Қосайдың атасы Өмірбек. Арғы аталарымыз-Қаратаз, одан арғысы- Бура. Бура Найман руының бір бұтағына жатады. Әзілхан Нұршайықовтың жұбайы –Өзбақанова Халима Қалиақбарқызы (1922-2001), оқытушы, әдеби серігі болған. Қыздары – Нұршайықова Жанар Әзілханқызы 1949 жылы туған, филология ғылымының докторы, профессор. Нұршайықова Жаннат Әзілханқызы 1951 жылы туған, мамандығы –экономист. Ұлдары - Арнұр Әзілханұлы 1952 жылы туған, инженер-энергетик, Жаннұр Әзілханұлы 1954 жылы туған, инженер – электрик. Немересі Дина Лондонда «Бибиси» радиосында қызмет істейді.

3. Естеліктер (жерлес-жазушы туралы ой-пікірлер)

Мен Әзілханның соғыста алған Даңқ орденінен кейінгі ең үлкен жеңісі Абай атындағы сыйлықтың лауреаты болғаны деп есептеймін. Майданда да Абай кітаптарын, Әуезовтің «Абай» романын арқалап жүріп жаумен соғысқан еді. Сондағы ақын, жазушылық арманына Әзілхан енді жетті. Бәлкім, мұны ұлы Абайдың, ұлы Мұхтардың аруағы қолдаған болар. Р. Байсейітов

4. Әзілхан Нұршайықов «Күнделік»

Қазақтың аса көрнекті қаламгері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік, А.Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың бұл кітабына 1982 жылғы жазған күнделіктері енді. Күнделікте сол кезеңнің суреті анық көрініс беріп, рухы еркін сезіледі. Жазушы өмірінің бел-белесі, қоғамдық хал-ахуалдың аңғарлы сілемі, адамдар тағдырының қилы – қилы сәті қолмен қойғандай бейнеленген.

5. Әзілхан Нұршайықов «Мен журналистпін»

Белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың есімі көп жылдардан бері газет-журнал оқырмандарына кеңінен танымал. Ол ұзақ жылдар бойы облыстық, республикалық баспасөзде қызмет атқара жүріп, өзінің журналистік қаламын ұштайды, қабілетін жетілдіру жолында тынбай ізденеді. Сөйтіп ол кемел қаламгер болып шыққан. Өзінің өсу белестерін, творчестволық шеберлігін көрсетерлік туындыларды топтап, оқырманға ұсына отырып, автор журналистік жолдың сырын ашып айтуды мақсат еткен.

6. Әзілхан Нұршайықов «Балалық шақтан есте қалғандар»

Мен кішкентай күнімнен ат құлағында ойнап өсіппін. Көк дөнен деген жорға құнаным болғаны есімде. Біздің жақтың үлкен өзені Шар.Кішкентай күнімде жайлау өмірінен есімде қалған нәрсенің бірі мынау.Кейде далада дауыл соғатын.Дауыл алдында адамдар қазық қағып,үйлерін арқанмен бастырып әуреге түсетін. Дауыл басылғанша біз текемет астында тұтқын боп жататынбыз.

7.Әзілхан Нұршайықов «Өсиет өлеңдер» Бұл жинаққа қаламгердің өсиет, өнеге, лұғат үлгісінде жазылған дидактикалық өлеңдері енгізіліп отыр. «Өсиет өлеңдер» - бүгінгі қоғам мен әлеумет өмірінің ғана емес, адам жан-дүниесінің өзгерістеріне үңілген, ізгілікке, жақсылыққа үндейтін, кейінгі жасқа бағыт-бағдар көрсете алатын, көркем сөзбен жазылған шығарма. Әділдікті күту керек, тек ақылды данадан. Жұрт айтты деп жығылма. Жұрттың сөзі шын емес. Ешкім жақсыкөрмейді өзінен жұрт асқанын .Тырысады жоюға Артықтығын басқаның. . Ойы биік озадыАлға қолын созады Жақсы кітап көргенде Жан делебем қозады.

8.Әзілхан Нұршайықов «Өмір өрнектері « Өмір өрнектері» - автордың ұзақ жылдар бойы қойын дәптерлеріне үзбей түсіріп отырған сан тарау ойларының жемісі. Алғашқыда үзік-үзік көрінетін қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шағын әңгіме-диалогтар жинақтала келе оқырманға берер тағылымы мол дүниеге айналады. Сонымен бірге, автордың осы саладағы елу жылдан аса жазылған еңбегіне оның адамгершілік пен азаматтықты, ерлік пен достықты мадақтайтын соңғы жылдарда жазылған естелік –эсселері кірді.

9.Әзілхан Нұршайықов «Қанатты сөздер»Жақсы кітап оқысаң, жан тебіренеді.Есті адаммен әңгімелессең, ой өрістейді. Атақтың үлкені - жер басып, тірі жүргенің, қатарыңнан қалмай еңбек еткенің. Адам әділ болмай, адал болмайды.

10.Әзілхан Нұршайықов «Мақал - мәтелдер»Заң халыққа пайдалы болса – заң, пайдасыз болса – лаң. Тәуекел еткен – тауға шығады, Талабы жоқ –төменде қалады. Газет –айна, Газет оқыған пайда. Көңілсіз редактор көріксіз газет шығарады. Мақсатсыз беттен мағыналы хабар артық. Кітап оқымайтын журналист – киіз журналист. Шын асылды тот баспайды, Шынайы журналист шоқ баспайды.Талантсыз журналист тиексіз домбырамен тең. Журналистің оқығаны да көп, тоқығаны да көп. Басқаның алдында бір кітап жатса, Журналистің алдында екі кітап жатады. Біреуі – жазылған кітап, екіншісі – өмір. Журналист болсаң жүрлек бол. Журналистің көзі қағазда болса, Құлағы радиода болады. Сергек журналист сезгіш келеді. Жас журналист ел аралайды. Кәрі журналист кабинет жағалайды. Жалықпаған журналист жазушы болады. Жол азабын журналист көрер. Журналист болсаң жасқаншақ болма. Жақсы

жазсаң да мақтаншақ болма. Журналист қаламынан шыққан сөз, Жалпақ жұртқа жария болады. Қаламы жоқ журналист, Құрығы жоқ жылқышымен тең. Журналист көзіне сенбейді, Блокнотына сенеді. Жақсы журналистің қаламы өзі жазады. Қаламсыз журналист, Қарусыз солдатпен тең. Тілшінің кеңсесі – кең дала. Жақсы тілші жақсылықты көреді. Алыстағы жазушыдан жақындағы журналисім артық. Жақсы тілші адамды құрметтейді. Елгезек тілші етігіне маза бермейді. Тілшіні аяғы асырайды. Тіл жүйрік, Тілшінің қаламы жүйрік. Тілшінің тілі жұмсақ, қаламы қатты. Тілшінің қаламы Білімсіз бастыққа найза болып елестейді. Үйд бұзу оңай, салу қиын. Мақаланы оқу оңай, жазу қиын. Тарыдай факті таудай оқиғаға апарады.

11. Әзілхан Нұршайықов «Шағын әңгіме-диалогтар» -Ақылды мен ақымақтың айырмасы қандай? – деп сұрады серігім менен. –Ақымақ жеңеді, ақылды жеңіледі,-дедім мен оған. –Неге? –Ақымақ көп, ақылды аз»- деген Абай. Көп жеңеді, аз жеңіледі. Айырмашылық деген осы емес пе?

12.Әзілхан Нұршайықов «Естелік эсселер» Кездесуде қойылған сұраққа жауап. Бала күнімде мен арық едім. Оның есесіне өзге балалардан бір артықтығым бар еді –жүйрік болатынмын.Ауыл балалары жабыла қуғанда жеткізбей кететінмін. Ойым да жүйріктеу, зерек болдым. Айтқанды тез ұғып, өлеңді жылдам жаттап алатынмын. Кітапқа құмр, қоғам жұмысына ынталы едім.Елгезек, тіл алғыш болдым. Бала күнімнен бойыма дарыған осы үш қасиет менің солдат, азамат, қаламгер ретінде қалыптасуыма негіз болды.

13. Әзілхан Нұршайықов «Әзаға ойларының жемісі» Өлгеннің бәрі ұмытылады. Ұмытылмайын десең тірі күніңде тырбана бер,, жүр, жүгір, жет,күрес, тірес,жық, жығыл, екі қолың еңбектен босамасын.
14. Әзілхан Нұршайықов «Шығармашылық жұмыс»
Әзағаға Арнау жазу.
15. Әзілхан Нұршайықов .«Өсиет ұйқастар» Ұйқасқа құрылған өсиеттерін мәнерлеп оқу, талдау.Ойшылдардың сөзінен, Үлгі алудан қашпаймын. Талай ойлар айтылған, Мен жаңалық ашпаймын. Адамның барлық бақыты. Екен ғой, шіркін, көңілде. Көңілді болсаң әрқашан, Жасайсың ұзақ өмірде. Ойы биік озады, Алға қолын созады. Жақсы кітап көргенде Жан делебем қозады. Тынығу – миға жем беру, Қуатты жем- кітапта, Білімсіз өмір – сенделу, Мейлің ұқ, мейлің ұнатпа. Ұлылардан үлгі алсаң- Бос уақытты бағала.

16. Әзілхан Нұршайықов «Адам деген атыңа, дақ түсірме» Әзағамен кездесуде болған кезде айтылған сөздерін өмірімізге өнеге ету. Бойыңа адамгершілікке тән қасиеттерді жина. Әділ, таза, сақ жүр. Бұл адамдыққа апаратын тура жол.

17.Әзілхан Нұршайықов «Алматы қала еді қайнап тұрған!» Жаннатың өзіндей жайнап тұрған, бағында бұлбұлы сайраған Алматыда тұру қандай бақыт.

18.Әзілхан Нұршайықов «Дәстүр деген халықта, Жазылмаған заң бар» Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Сол дәстүрдің бағасын білейік. Орынсыз мал шашпақ керек еместігін түсіндіру.

19.Әзілхан Нұршайықов «Ай, Абайым, Абайым!» Абайды оқы күн сайын, Уа, қадірлі ағайын! Десең егер ұлтыңмен, Ұрпағыңа жағайын!

20. Әзілхан Нұршайықов «Адамның асыл мұрасы» Адамның асыл мұрасы - Даналар айтқан өсиет: Сақтық пенен кешірім – Ең керекті қасиет.Не көрсең де өзіңнен. Мінезді бол дегені келешек ұрпаққа ой салары сөзсіз.

21.Әзілхан Нұршайықов «Қыздарға кеңес»Мен сіздерге әке де емеспін. Сіздермен сирек кездесуші, сырттай сырласушы, алыстан ақыл айтушы көп жазушының бірі ғанамын. Сүйікті болғың келсе, еңбектен. Әдепті, инабатты бол. Бойыңа ізгі қасиеттерді жисаң, бағың жанады. Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар. Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған қоғамымызғаадал перзент, асыл азамат боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар деген кеңес айтқан. Егер ертең егде тартқанда, келісті ана, кемеңгер әже боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар! Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар! Ең алдымен еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам – ең ардақты адам. Дүниедегі ең сұлу әйел – еңбекшіл әйел. Ал қазіргі ең қымбатты қыз – еңбекшіл қыз. Өңді қыз өтімді қыз болғанымен, түптің түбінде есті, еңбекшіл қыз ғана жақсы жігітті өкіндірмейтін ең асыл жар, жан серік дос болады. Қыздар! Ұйқышыл болмаңдар! Көрсеқызар болмаңдар! Қол жетпеске тыраштанбаңдар! Орынсыз сәнқойлықтан сақтаныңдар! Сананы сәнге емес, сәнді санаға бағындырыңдар!

22.Әзілхан Нұршайықов Әскери күнделіктен. «Соғыстан соң өмір тәтті» (306-бет. )Отаныңа адал қызмет ет, Үлкенге сый, көмек көрсет. Жолдасынан безген жан, Көмекке өзі зар болар. Қиын істен саспа, Ауырлықтан қашпа. Ойшыл, іскер, тәртіпті бол, Өз ақылың өзіңе жол. Жауыңа қырағылық ет, Айтылған сертіңе жет.

23.Әзілхан Нұршайықов «Ауылға хат» «Ардақты ағаға», Сағыныш сазы. Ауылым менің амансың ба? Туған ауылына деген перзенттік сағынышынан тұратын хаттарды оқыту арқылы шәкірттердің туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту. Мектепке келгенде Нұртаза мұғалім үйде жазып келген хатымызды тексерді. Бес-алты бала ғана жазыпты. Өзгелері жаза алмапты. Менің хатымды ұзақ оқыды. Енді осыны таза етіп көшіріп шық,-деді. Сабақ бітісімен мұғалім мені ауыл шетіндегі бір үйге ертіп барды. Үйдің сыртында

«Почта» деген жазуы бар көк жәшік тұр екен. Жазғанымды сол көк жәшікке салдым. .Қуанып келемін. Өйткені мен ауылыма бірінші рет хат жаздым ғой!

24. Жазушы Әзілхан Нұршайықов«Ұлыма хат» Әзілхан Нұршайықов – қазақ әдебиетінің ақсақалы, аға буынның өкілі. Жастар тәрбиесі қай кезде зәру мәселе деп есептесек, Әзілхан Нұршайықовтың барлық дерлік шығармалары ұрпақ тәрбиесіне арналған. Оның туындылары ізгі қасиеттерді насихаттайды.

25.«Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы Әдебиет сүйер қауымға Баукеңнің бірбеткейлік мінезі роман арқылы да кеңінен мәлім болғаны белгілі. Халқы батыр деп еркелеткен Баукең сөзге шешен ғана емес, әрбір ойын бейнелі түрде кестелей жеткізетіндігін де ұдайы аңғартып отырған. Ердің ерлігін, елдің елдігін жыр ете білген Әзағаның азаматтық позициясын мақтануға тұрарлық. Әрине, Баукеңмен тіл табысу оңай шаруа болмаған. Бірақ халыққа қажетті дүние жасау үшін сол қиыншылыққа шыдау да азаматтық қой! «Ақиқат пен аңызын» оқыған оқырман аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлының болмысын анағұрлым жақыннан сезіне түсті. «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі украин және чех тілдеріне аударылып, жарияланды. Осы «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясы үшін Әзілхан Нұршайықовқа 1980 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

26.«Мәңгілік махаббат жыры».«Мәңгілік махаббат жыры» арқылы қазақы отбасының тәртіп-үлгісін, шынайы сүйіспеншіліктің мейір-шапағатын паш еткен жазушы шығармалары қай қырынан қарасаң да ұлттық әдебиетіміздің асыл қоры.Әзілхан Нұршайықов «»Мәңгілік махаббат жыры» деген бұл туындысын прозалық поэма деп баға берген. Қара сөз және ақ өлеңмен жазылған бұл туындының әр тарауы поэма тәріздес оқиғаларға толы. Олар бірінен соң бірі оқырманды тартып, тебірентіп, толқытып отырады. Көңілді толқытып, көзге жас үйіреді. Ұлттық тәлім- тәрбиелік мәні зор бұл шығармасын автор өзінің жан жары, әдеби серігі,қазақ халқының тамаша қызы Халима апамызға арнаған. Орыс тілінде «Песня любви» 1965,1975,1982 жылы жарық көрді.

27.«Махаббат қызық мол жылдар» Романда халқымыздың бойына біткен имандылық, ұят, ибалылық тәрізді тамаша қасиеттері де назардан тыс қалмайды. Романның басты тақырыбы – махаббат. Мұндағы сұлу сюжет те , келісті композициялық құрылым да, мың құбылған ою-өрнектер де көркем тіл де адамзаттың осынау мәңгілік тақырыбын саф алтындай жарқырата көрсетуге риясыз қызмет етіп тұр. Бас кейіпкер Ерболдың өмірдің гүлі – қыздар туралы толғанысы сол кездегі соғыстан қайтқан кез-келген солдаттың көкейінде сайрап тұрғаны анық.Жазушының кейіпкерінің бірі әрі бірегейі – профессор Мұхтар Әуезов. Жалпы алғанда «Махаббат, қызық мол жылдар» - студенттер өмірі туралы жазылған туынды. "Махаббат, қызық мол жылдарын" соңғы

жарты ғасыр көлемінде әр буын жата-жастана оқыды. Оқырманның ерекше ықыласына бөленген «Махаббат,қызық мол жылдр» романы 2008 жылы оныншы мәрте қайта басылып шықты.

28.Әзілхан Нұршайықовтың хикая, эсселеріӘуезовпен болған бес күн Өкінішке орай, өзінің әсер күші жөнінен бүкіл дүние жүзіне танымал болған Әуезов эпопеясымен теңдесе аларлық шығарма бізде әзірше жоқ. 1958 жылы 24 маусымда, Павлодар қалалық партия комитетінің өтініші бойынша, Мұхтар Омарханұлы Әуезов Керекуге келді. Керекуге Әуезов келетін күні таңертең, біз жазушы З Қабдолов екеуіміз Баянауыл – Екібастұз сапарынан оралған едік. Сансыз кездесуден кейін Мұхаңды қасындағы адамдарымен үйден бірге дәм татуларына рұқсат сұрадым. Мұхаң маған: -Әзілхан, бұл сенің ас үйің екен. Кабинетің бар шығар, енді соны көрсет,-деді. Мұхаң менің кабинетімдегі кітаптарды көріп, қатты риза болды. –Пәлі, сенің кітаптарыңның саны бір болыс елдің жылқысындай ғой өзі. Біздің кейбір жігіттердің үйінде кедейдің бес ешкісіндей ғана кітап болады. Ақтарып қарасаң олардың да не өзінікі, не біреулердің сыйлап берген кітабы болып шығады. Кітап деген түпсіз қазына ғой. Құтты болсын! Бұл кітаптарға бірыңғай жақсы шкафтар керек,-деді. Авторлық қолтаңба сұрап, Мұхаңның сол кезде шыққан алты томдығының бірінші кітабын ұсындым. Мұхаң ұзын кірпіктерін қағып-қағып жіберіп, сәл ойланды да, маған арнап былай деп ең бірінші автографын жазып берді: «Інім Әзілханға, біраз күндер бірге жүріп, бірге әзіл, әңгіме мәжілістер өткізген-өрістер болған күндерде туған қадірлестік, құрмет, достық белгісіне, шынайы досжар көңілден М. Әуезов. 1958ж. 29.06,864 Кереку».

29. Әзілхан Нұршайықов Ескі дәптер (Белгісізжастық күнделігі) Адамның ақылы жеткен асқан парасаттылық- әйелді сүйе біліп, оның жан сұлулығына табыну; жер бетіндегі әсемдік атаулының бәрі әйелге деген сүйіспеншіліктен туған. М.Горький Күнделіктен үзінді -Мен әке-шешесіз өстім. Олардың қандай екенін, қашан өмірден өткенін, қайда тұрғандарын да білмеймін. Бар есімде қалғаны үйдің сыртында биік қоңыр тау бар еді. Өзім қазақ, атым қазақша болса да, он бес жасқа дейін менің фамилиям орысша болып келді.Тек комсомолға өткенде ғана «сенің ұлтың қазақ екен, фамилияң да қазақша болсын»,-деп, билетке Асқаров деп жазып берді. Сонда ғана мен ұлт дегенді аңғарып, оның айырмашылығы тек фамилиясында ғана болады екен-ау деп өзімше топшылау жасадым. Ескі дәптерді толық оқып шықтым. Дәптердегі жазулар қуаты, жаны, сәулесі, өмірдегі жалғыз тірегі ,сүйіктісі Қабираға арналған. Қош, сәулем, Қабирашым. Бойыңды күт, жылы киініп, суықтан сақтанып жүр. Егер денсаулығың көтермесе, онда оқуды тастап, бірер жылға демалыс ал.Менсоғыстан қайтқан соң қайтадан бірге оқырмыз тағы да. Өмір болса оқу қашпас ешқашан. Мен өлемін деп ойламаймын.Өйткені солдат пен ғашық ол жайды ойламақ емес! Тағы да мың рет сүйіп, құштым. Қош сау бол,

қуатым, жаным, сәулем, өмірдегі жалғыз тірегім менің!... Дәптердегі жазулар осы сөздермен біткен. Енді оның ең соңғы бетінде сыртына үшбұрыш әскери іштемпіл басылған. Кабира Кәкімованың атына келген сарғайған конверт жатыр екен. Мен оны да ашып қарадым. Конверт ішіндегі машинкаға басылған бір жапырақ қағаздан мына сөздерді оқыдым: «Қызыл әскер Әлкен Асқаров неміс фашистеріне қарсы күресте 1941 жылы 19-қарашада ерлікпен қаза тапты...»

30.Әзілхан Нұршайықов «Алыстағыауданда» очеркінде Ауыл баласы, Комбайншы, Мәселе қайда жатыр, Шешен, Уәде (Журналистің заметкалары) әңгімелері бар. Автордың «Алыстағы ауданда», «Жомарт өлке», «Ертіс жағасында» атты жинақтарынан топтастырылған материалдар күні бүгінге дейін қазақ журналистикасындағы очерк жанрының озық үлгілері қатарынан саналады.

31.Әзілхан Нұршайықовтың очерктері Алғашқы очерк-әңгімелер жинағы Ұзақ жылдар бойы облыстық, республикалық баспасөзде қызмет атқара жүріп, өзінің журналистік қаламын ұштаған, қабілетін жетілдіру жолында тынбай ізденген, сөйтіп кемел қаламгер болып шыққан. Әзілхан Нұршайықов «Мен журналистпін» атты еңбегінде өзінің өсу жолын, белестерін, шығармашылық шеберлігін көрсетерлік туындыларды ұсына отырып, журнапистік жолда табысқа жету сырын ашуды мақсат еткен.

32. Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы эпистолярлық жанр» Әзілхан Нұршайықов шығармаларында эпистолярлық жанрдың алатын орны ерекше. Эпистолярлық әдебиет – хат түрінде жазылған көркем шығармалар. Антикалық дәуірде хат көркем шығарма құсап жазылатын. Эпикур, Цицерон, Сенека хаттары көркем дүниедей оқылған. Эпистолярлық жанр –баяндалуы оқырманға хат жазу түрінде сипатталатын әдеби шығарма жанры.

33.Әзілхан Нұршайықов «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы. Жазушының «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романының шоқтығы биік тұр. Ол туынды жастар тақырыбының жалынды жыршысы, көптеген жас қаламгердің шынайы ұстазы әрі жанашыры болған Мұқан Иманжановқа арналған. Кезінде республикалық басылымдарда публицистикалық мақалаларымен, жастарға арналған әдеби шығармаларымен танымал болған жас талант Қазақстанның қазіргі халық жазушылары Мұзафар Әлімбай, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Әзілхан Нұршайықов, академик-жазушылар Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев және басқа қаламгерлерге қолдан келген көмегін жасап, ұстаздық мектебінен өткізген. Кітап осы қаламгерлердің алғашқы шығармашылық қалыптасу кезеңінен құнды мағлұматтар береді.Аталған романның эпистолярлық сипатына талдау жасамас бұрын оның бас кейіпкері хақында автор не жазғанына назар

аударайық. Әзағаң былай дейді: «1948 жылы оның (М.Иманжановтың) алғашқы кітабы –«Жастық» атты әңгімелер жинағы жарық көрді. Мен ол кезде Отан соғысынан келіп, университетте оқып жүрген студент едім.

34.Әзілхан Нұршайықов «Тоғыз толғау» атты повесть-монологі.Қаламгердің тынбастан қалам тербеп келе жатқан басты бір тақырыбы – Ұлы Отан соғысы қаһармандарының ерлігін жырлау, жас ұрпақты отаншылдыққа бейімдеу. «Тоғыз толғау» повесть-монологы тұтасымен Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдулиннің адамгершілік, азаматтық қасиеттерін, оның сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлік істерін паш етуге арналған. Әңгіме туғызған әңгіме, Бір хаттың тарихы, Тағдыр таразысы, Бауыржанмен білісу, Жамбылмен жүздесу, Бірінші естелік, Екінші естелік, Сержанттың соғыс кезіндегі күнделігінен, Лондонға сапар, Ер Төлеген, Мәншүк әні, Жамбылға хат, Ер есімі, Бауыржан батыр,Замандастар деген бөлімдер қызғылықты жазылған. Дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған.

«Білгің келсе, алдымен зертте мені» шығармашылық жұмыстар Қазақстанның болашағы туралы болжамы –«Демократиялық негіздегі өркендеу». Әскери атағы- аға сержант. Діни көзқарасы –атеист. Саяси қайраткер ретінде идеалы- К.Маркс, В.И. Ленин, Н.Ә. Назарбаев. Хоббиі- фотография, жақсы кітаптар жинау. Сүйікті ісі - «Оқу, жазу және оқырмандармен жүздесу.»

Тест тапсырмаларын орындау, құрастыру.

## Нормативті бөлімі

| № | Тақырыптың аты-жөні | Сағат саны | Өту түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе. Әзілхан Нұршайықовтың өмірі мен қызметі. Әзағаның ұрпақтары туралы. | 1 | Дәріс | Туған жер-алтын бесік. Құндылық ұғымы туралы түсінік алады. |
| 2 | Әзілхан Нұршайықовтың шежіресі, өскен ортасы | 1 | Дәріс | Туған жерге туың тік. |
| 3 | Жерлес жазушы Әзілхан Нұршайықов туралы естеліктер | 1 | Дәріс,слайд | Өміріне өнеге алады. |
| 4 | Ә.Нұршайықов. «Күнделік» | 1 | семинар | Тілі дамиды, сөздік қоры баииды. |
| 5 | Ә.Нұршайықов. «Мен журналистпін» | 1 | баяндау | Үлгі алады. |
| 6 | Ә.Нұршайықов «Әскери күнделік» | 1 | Дәріс | Мәнерлеп оқуға үйренеді. |
| 7 | Ә.Нұршайықов. «Өсиет өлеңдер» | 1 | семинар | Тіл ұстартуға көңіл бөледі. |
| 8 | Ә. Нұршайықов. «Өмір өрнектері» | 1 | дәріс | Сайыс өткізу. |
| 9 | Ә.Нұршайықов. «Қанатты сөздер» | 1 | семинар | Байқау ұйымдастыру. |
| 10 | Ә.Нұршайықов. «Мақал- мәтелдер» | 1 | семинар | Тіл ұстарту |
| 11 | Ә.Нұршайықов. Шағын әңгіме - диалогтар | 1 | дәріс | Көрініс даярлау |
| 12 | Ә.Нұршайықов. Естелік -эсселер | 1 | семинар | Байқау өткізу. |
| 13 | Ә.Нұршайықов. Әзаға ойларының жемісі | 1 | дәріс | Мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастыру. |
| 14 | Ә.Нұршайықов. Шығармашылық жұмыс. | 1 | семинар | Эссе, әңгіме, мақала жазу |
| 15 | Ә.Нұршайықов Өсиет ұйқас | 1 | семинар | Мәнерлеп оқу |
| 16 | Ә.Нұршайықов Адам деген атыңа дақ | 1 | дәріс | Талдау, ойтолғау жазу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | түсірме. | | | |
| **17** | Ә.Нұршайықов. Алматы қала еді жайнап тұрған. | 1 | дәріс | Пікір алысу |
| **18** | Ә.Нұршайықов. Дәстүр деген халықта жазылмаған заң бар. | 1 | дәріс | Дөңгелек стол |
| **19** | Ә.Нұршайықов Ай, Абайым, Абайым! | 1 | семинар | Мәнерлеп оқу. |
| **20** | Ә.Нұршайықов. Адамның асыл мұрасы | 1 | дәріс | Эссе жазу |
| **21** | Ә.Нұршайықов Қыздарға кеңес. | 1 | Дәріс | Байқау ұйымдастыру. |
| **22** | Ә.Нұршайықов. Әскери күнделіктен. Соғыстан соң өмір тәтті. | 1 | семинар | Мақал- мәтелдер сайысын өткізу. |
| **23** | Ә.Нұршайықов. Ауылға хат | 1 | дәріс | Әзағаға хат жазу. |
| **24** | Жазушы Әзілхан Нұршайықов «Ұлыма хат» | 1 | Презентация | Пікір алысу |
| **25** | «Ақиқат пен аңыз» роман-диалог | 1 | дәріс | Рөлге ену |
| **26** | «Мәңгілік махаббат жыры» | 1 | дәріс | Ұлттық тәлім алу. |
| **27** | «Махаббат қызық мол жылдар» | 1 | дәріс | талдау |
| **28** | Әзілхан Нұршайықовтың хикая, эсселері.Әуезовпен болған бес күн | 1 | дәріс | Баяндау, талдау. |
| **29** | Ескі дәптер (белгісіз жастың күнделігі.) | 1 | дәріс | Пікір айту, үнемі іздену.. |
| **30** | Алыстағы ауданда | 1 | дәріс | баяндау |
| **31** | Ә.Нұршайықов очерктері | 1 | семинар | Әдебиетке қосқан үлесін ұғыну. |
| **32** | Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы эпистолярлық жанрдың алатын орны. | 1 | дәріс | Хаттарын оқу арқылы қаламгерге жақындау. |
| **33** | Ә.Нұршайықов «Қаламгер» және оның | 1 | дәріс | Реферат қорғау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | достары» | | | |
| **34** | Ә.Нұршайықов.«Тоғыз толғау» | 1 | дәріс | Талдау, тест тапсырмалары, шығармашылық жұмыстар өткізу. |

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Ә.Нұршайықов «Әскери күнделік». Алматы: «Өнер», 2010.-560 бет.
2. Мұратбек Тоқтағазин «Деректілік пен көркемдік» Монография Алматы: «Арна» 2010
3. Әзілхан Нұршайықов «Күнделік» ARDA Алматы: 2010-544-бет.
4. Әзілхан Нұршайықов «Өмір өрнектері» Алматы Бастау (1985-1999)
5. Әзілхан Нұршайықов «Өмір өрнектері»
6. ӘзілханНұршайықов «Өсиет өлеңдер» Өскемен «Шығыс ақпарат» 2010ж.-400 бет
7. Әзілхан Нұршайықов «Мен журналистпін» Алматы,«Қазақстан» 1977. 168 бет.
8. Әзілхан Нұршайықов «Махаббат жырлары» роман. Екі естелік Алматы 2005
9. Әзілхан Нұршайықов 5-том. Алматы-2005
10. Әзілхан Нұршайықов «Қаламгер және оның достары» 6-том
11. Әзілхан Нұршайықов «Мен және менің замандастарым» 9-том Алматы 2005
12. Республикалық педагогикалық журнал Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар №9 2018

Әзілхан Нұршайықов шығармалары арқылыоқушыларды патриотизмге тәрбиелеу

13. Әзілхан Нұршайықов «Жастарға арналған мәслихат сөздер» Алматы Қазығұрт 2005
14. Әзілхан Нұршайықов «Ұлыма хат» Алматы. Қазығұрт 2005
15. Әзілхан Нұршайықов «Мақал-мәтел»
16. Нұршайықов Ә.«Мәңгілік махаббат жыры»Алматы «Өлке»2008

***ШҚО. Жарма ауданы Бірлік ауылы «Бірлік орта мектебі» КММ-ң***

***қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, зерттеуші-педагог Мусакиева Бақытгүл Мубараковна***

# *2. Ерлік пен махаббаттың жыршысы атты кеш*

## *Әдеби кештің мақсаты:*

1. Әзілхан Нұршайықовтың өмірінен мәлімет беру.

2.Жазушы шығармашылығымен таныстыру.

3.Оқушыларды әдеби шығарманы түсініп оқи білуге төселдіру. Олардың мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

4.Көркем шығарма арқылы оқушы бойына отансүйгіштік, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді дамыту.

5.Оқушылардың сөз өнерін қастерлеп, тілге құрмет сезімдерін нығайту.

## *Оқушылардың арнауы*

**1.Көркем Күлзипа**

**Әз аға!**

Әз аға Абайды оқып өстіңіз,
Талай ұлы асулардан өттіңіз.
Адамзаттық тұлғаңызбен биік боп,
Адамдықтың нәрін бізге септіңіз.

Әз ағам махаббатты жырлап өткен,
Әз ағаны Бауыржан мұңдас еткен.
Қарапайым Ақбұзауда туған бала
Оқырмандар жүрегін жаулап кеткен.

Әз ағам нәзік жүрек иесі еді
Махаббат қызығына тойған ба еді?
Жастарға шын махаббат жайлы айтып
Көркем сөзден ақ моншақ тізген еді.

Әз ағам батыр жүрек иесі еді
Бауыржанға дос болған бар киесі.
«Ақиқат пен аңыз» атты бұл бір кітап
Бауыржанның мұра еткен өнегесі.

Махаббатқа сеніп өткен, Әз ағам,
Батырлықты ту ғып өткен, Әз ағам.
Біздің мәңгі есімізде қаласыз
Өлмей тұғын туындыңмен, Әз ағам!

## 1. *Рахат Тамаша*
## *«Әзілхан Нұршайықовқа арнау»*

Ортамызда болсаңыз егер де сіз,
Жүз деген жасқа келерсіз.
Осы таңда бар болсаңыз егер де,
Қазағымның мақтанышы боларсыз.

Ерлік пенен махаббатты жырлаған,
Жалықпаған өлең жазып, жырлаудан.
Өлеңдеріңіз бен шығармаларыңызды қазірде,
Жалықпаған оқып және тыңдаудан.

Қан майданда жүрсе-дағы алысып,
Жазушылық өнерімен танысып.
Әңгіме мен повесть жазып отырған,
Дәптері мен қаламына жабысып.

Батыр-ата шығармасы естелік,
Ұмыт қылып,еш оқымай кетпелік.
Үлгі алып ұлы Әзілхан атадан,
Жұлдыз болып ешқашан да өшпелік.

Жоқ қой сірә, мұндай тұлға еш елде,
Артық емес «батыр ата» десем де.
Жазушының қайсысын оқысам да,
Өнерімен бұл кісіге жетер ме?

Атыңызға көшелер де берілген,
Кітаптарда шығармаларыңыз көрінген.
«Батыр ата, әрі жазушы тұлға бұл»,
Сіз туралы дәл осылай делінген.

Ақын болып өлеңді де жазғансыз,
Ақбұзаудан өнерге бастау алғансыз.
Жерлесіміз екеніңізге мақтанам,
Өсіп келем сол үшін де армансыз.

## І-бөлім «Талаптың мініп тұлпарын...»

**1-жүргізуші:** Барлық қазақ оқырмандарының сүйікті жазушысы, бүкіл шығармаларында еңбек пен ерлікті, махаббат пен достықты жыр еткен, Батыр Бауыржан туралы жұрт қызығып оқитын роман тудырған Әзілхан Нұршайықов Семей өңірінің Жарма ауданында Ақбұзау атты ауылда дүниеге келген. Осынау шағын елдімекен бүл күнде елге белгілі болса, оны жұрт қаламынан нұр төгілген жазушының – Әзілхан Нұршайықовтың талбесігі деп біледі.

Жазушының мерейтойына Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев құттықтау жолдады. Құттықтауда мынадай сөз бар: «Тәуелсіздік жылдарында еліміздің іргесін бекітіп, еңсесін көтеру жолындағы бастамаларға сіздің тілектестігіңіз, ағалық ақылыңыз, елді береке-бірлікке шақырған ақсақалдық сөздеріңіз игі ықпалын тигізді».

**1-жүргізуші:** «Біз 18 бен 22 жастың арасында азаттықтың ауыр жүгін арқалап, төрт жыл толассыз қан кештік. Біздің жас тәнімізді неміс фашистерінің оғы шұрқ-шұрқ тескіледі, жау танктері үстімізден таптап, жас сүйегімізді сықыр-сықыр сындырды; жас жүректерімізге немістің селінің қос құлаштай қанжарлары кірш-кірш қадалды. Бізді олар тірідей өртеді, көзімізді бақырайтып қойып, тікемізден тік тұрғызып, көрге көмді. Бірақ біз:

Қасиет күші Ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі.
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл, жүрек!

деп, жанған самолеттен жау колоннасына жай оғындай шаншылдық; айналаға өлім шашқан ажал оғына өз денемізді өзіміз қол гранатадай лақтырып, дұшпан пулеметін қанымызбен қақалттық. Жауға жанымызды берсек те, арымызды бермедік. Біз жығылып жатып - тұрып жаттық, өліп жатып - жеңіп жаттық.

**2-жүргізуші:** Хақ тағала өзіне берген дарынды, бойында сөз өнері барын

Әз- аға ерте таныған, жастайынан соны берік ұстана білген. Сонау фашизмнің қара түнегі қаптай төнген кезде, жан алып, жан беріскен қанды шайқас

күндерінде де сол бетінен танбаған. Зеңбірек командирі бола жүріп, ақтүтек боранға, сақылдаған сары аязға қарамай, қолы қалт етіп босай қалса, окопта отырып өлең жазады екен.Сөз өнерін шексіз сүйген жалын жүрек қана жасай алса керек мұны.Майдангерлерді ерлікке шақырған, ел қорғау үшін қанын да, жанын да аямауға үндеген өлеңдерінің ол кез үшін патриоттық, тәрбиелік мәні орасан зор болғаны анық.
Ақ қар, көк мұзда, аласапыран айқас үстінде жазылған сондай өлеңнің бірі "Атамыз Жамбыл ақынға" деп аталған. Өлеңде өзі жүрген ортадағы, 100-ші атқыштар бригадасындағы өшпес ерліктерді мадақтап, паш етеді. Жәкең бұған "Жүз жасаған жүректен" деген ұзақ өлеңмен жауап береді.

**1-жүргізуші:** Университетті бітірісімен ол журналистік мамандықпен бырыңғай айналысып кетті. Көп ұзамай республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі, сосын Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы болып біраз жыл қызмет істеп, 1961 жылы Алматыға қайтып оралды. «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жаңадан құрылған Қазақ совет энциклопедиясына еңбектері енді.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты баспасында бөлім меңгерушісі, ғылыми қызметкер болды.

**2-жүргізуші:** Жас кезінде ақын болсам деп армандаған ол әуелі өлең жазған. Соғыс жылдарында зеңбірек командирі бозбала жігіт журналистік жұмыспен айналысуға уақыт табады, өлең жазуды да тастамайды.

**1-жүргізуші:** Майданда жүргенде әскери сөмкесінен қойын дәптері түспейді, онда жас журналистің көрген, білген, сезген жайлары туралы қысқа суреттемелер, алған әсерлері, жекелеген жауынгерлер, офицерлермен кездесуі жазылған. Ажал сепкен жаңбырдай оқтардың, жарылған снаряд бомбалардың арасында толарсақтан қан кешіп жүріп, жеңіске, ертеңгі күнге деген сенімін жоғалтпаған. Әрине, бұл еңбектері кейінгі жазушы Әзілхан Нұршайықов үшін зая кеткен жоқ.

**2-жүргізуші:** Ақын болсам деген талабы таудай болғанымен, табиғатында реалист адам өз талантының қырларын жақсы танып, әділ бағалай білді де, өлең жазуды қойып, журналистік қызметпен біржола айналысты. Бұл жөнінде ол өзінің «Автопортрет» кітабында «Жақсы ақын болу қолымнан келмеді, жаман ақын болғым келмеді»,-деп жазды.

**1-жүргізуші:** Журналистік еңбегі оны тіршілік сырын тереңірек білуге, білгенін көңілге түюге, өмірмен қоян-қолтық араласуға үйретті. Газеттік мақалалармен бірге көркем очерктер жазды. Бір очеркінің кейіпкері газет қызметкерлеріне үлкен реніш білдіреді. «Сендер, осы, газет қызметкерлері, сан

атаулыны орында-орынсыз мұрнынан тізе беруді қашан қоясыңдар? Адамның жанын, жүрегін,ішкі дүниесін неге көрмейсіңдер?» -дейді. Бұл жазушының өзіне де қойған талабы еді.

Әзілханның алғашқы очерктер жинағы «Алыстағы ауданда» деген атпен 1956 жылы кітап болып басылып шықты. Очеркті әдебиеттің өзге жанрларымен салыстырғанда өгей баладай көретін құлықтың әлі сақталған кезіне бұл шын мағынасындағы әдеби жанр – көркем очерктің жақсы үлгісін ұсынды.

**2-жүргізуші:** Алыстағы ауданның бір түкпіріндегі шопандардың бойынан жазушы әр алуан тамаша қасиеттері тауып, соны барынша мол көрсетуге барын салды. Олардың тұрмысы, тіпті үй іші, шамы мен пеші, пешке жағатын қиларына дейін, қол диірмені, дастарханға төгілген тәттілері, үй иелерінің қонақжай елгезектігі – бәрі де жазушы назарынан тыс қалмайды, солардың бәрі адамның ішкі дүниесі, ой-арманын ашуға қызмет етеді. Оның осы жанрда ерінбей еңбектенуіне жылы ықылас танытып, көмек көрсеткен жазушының бірі Мұқан Иманжанов болатын.

**1-жүргізуші: «**Орыс әдебиетінде ұлы қаламгерлер көп. Бірақ әдебиеттің жас қауымын тәрбиелеген ұстаз жазушылар аз. Ұлы да, ұстаз да тек Максим Горький ғана. Әр қаламгердің қамқорлық көрсеткен өз Горькийі болады. Ал менің Горькиім Мұқан Иманжанов болды. Ол маған әдеби, рухани, материалдық көмек көрсетті.Әрбір әдеби қадамымды қадағалап, ақылын айтып отырды. Алғашқы очерктерімді астананың газеттері мен журналдарында жариялатты.Тұңғыш кітабымды «Алыстағы ауданда» өз қолымен құрастырып, баспадан шығартты.Алматыға шақыртпай, сонау Павлодарда жатқан мені сыртымнан Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдатты».

Өзінің аға досы, көптеген өзге жазушылардың сүйікті ұстазы болған ардақты азамат Мұқан Иманжанов жайындағы «Қаламгер және оның достары» атты еңбегін ұстазына арнады.

## «Ақиқат пен аңыз қалай жазылды?»

**2-жүргізуші:** 1970 жылы Қазақ Совет энциклопедиясында қызмет істеп жүрген Әзілхан Нұршайықовқа «Жұлдыз» журналының 60 жасқа толуына арнап алты-жеті беттей мақала жазып беруін өтінеді. Ол туралы Александр Бек те, өзі де, өзгелер де жеткілікті жазды. Жазушының атын елге кең танытқан шығармасы - «Ақиқат пен аңыз». «Ақиқат пен аңыздың» жазылуына да Әзілханның журналистік өнері себеп болған.

**1-жүргізуші:** Бұл тақырыптың Әзілхан үшін бір оңай жағы бар еді де, ал қиындығы толып жатыр еді. Оңай жағы, біріншіден, Бауыржан Момышұлы – характері өзгеше, қайталанбас біртуар тұлға, мұндай прототип жазушы үшін

олжа.Екіншіден, Әзілхан Ұлы Отан соғысына қатысып, солдат, офицер өмірін, майдан шындығын өз көзімен көріп, басынан кешірген жазушы.

Ал қиындығы-Бауыржан Момышұлы характері өзгеше, қайталанбас тұтас тұлға болуында еді. Кілтін тауып, жүрегінің ішіне кіре алмаса, онда бар еңбегінің зая кеткені. Екіншіден, Бауыржан туралы А.Бек тамаша роман жазды.Бауыржанның өзі де өзі туралы көркем шығарма тудырды. Демек оларды қайталамау керек және жаңа шығарма солар көтерілген биіктен төмен түспей, кем қойғанда қатарлас, иықтас тұруы керек. Міне, Әзілхан Нұршайықов әлгі жеңілдіктерді ескере отырып, сол қиындықтарды жеңе білді.

**2-жүргізуші:** Ең алдымен романның ішкі құрылысын жаңаша құра білді. Роман-диалог. Автор мен кейіпкердің әңгімесі. Сұрақ-жауап арқылы автордың да, кейіпкері Бауыржанның да характерін аша алған. Жас офицердің сана-сезімі өскен, мінезі тік, тәкаппар, ойшыл барынша дарынды қолбасшының өмір жолын, өсу жолын көрсетеді. Бауыржан арқылы қазақ халқының бейнесін танытуға күш салған.

Екі адамның диалогі арқылы-ақ үлкен өмір, шынайы шындықтың сыры көркем ашылған. Жазушы форма жағынан да ізденіп, бейнелеу тәсілінің мүмкіндіктері молдығын көрсетті. Бұл сөз жоқ, қазақ романы жанрындағы жаңалық, ал «Ақиқат пен аңыз» - әдебиетіміздегі жаңа құбылыстардың бірі.

**1-жүргізуші:** «Ақиқат пен аңыз» қазақтан шыққан, аты аңызға айналып, жер-жаһанға даңқы кеткен қолбасшы Бауыржан Момышұлы туралы. Халық батырының фашистерге қарсы соғыста басынан кешкен оқиғаларынан құрылған.

Бұл романның сәтті шығуына екі түрлі жай себеп. Біріншіден, басты кейіпкердің қайталанбас тұлға болғаны, аузынан шыққан сөзі де, басынан кешкен оқиғалары да ұлағатты болуы десек, екінщіден, бұл шығарма басқа емес, өзі майданның от-жалынын бастан өткерген қаламгердің жазуы болса керек. Сол үшін де «Ақиқат пен аңыз» романының авторы Мемлекеттік сыйлық лауреаты атанды.

## *ІІ-бөлім. «Махаббат, қызық мол жылдар»*

**2-жүргізуші:** Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығының шырқау биігі болып саналатын романы - «Махаббат қызық мол жылдар». «Махаббат қызық мол жылдар» жазушының өз басынан кешкен оқиғалар арнасында туған жан сыры, жастық дәурен шежіресі іспетті туынды. Сондықтан да бұл өткен ғасырдағы қазақ көркем ойында орны бөлек шығарманың бірі саналады.Бүкіл қазақ жастарының ерекше сүйіп оқитын махаббат гимні болды.

Жас жұбайлар үйіне келсе, төрінде тұратын, көшеге шықса, қолтығында жүретін кітапқа айналды аталмыш туынды. Жас отау Қозы- Көрпеш Баяндай, Қалқаман мен Мамырдай, Төлеген мен Жібектей, Еңлік пен Кебектей қастер тұтып, өмір есігін аттаған сәбиіне ұл туса Ербол деп, қыз туса Меңтай деп ат қойып жүрді.

**1-жүргізуші:** «Махаббат қызық мол жылдар» романының жазылғанына биыл қырық бес  жыл болды. Содан бері бұл роман былтыр оныншы рет басылып шықты. Сонда әр төрт жылда қайта басылып отырды деген сөз. Бұл романдарға байланысты оқырмандардан жазушы он мың хат алды. Осынша оқырманның бей-жай қалмауынан романның бақыты, жазушы бақыты деп білеміз. Осы роман бойынша Семейдің Абай атындағы музыкалық-драма театры спектакль қойды.

Бұл туралы жазушы былай дейді: « Осы спектакльді мен жылап отырып көрдім... Жылайтын себебім кеше өзіммен  бірге оқыған курстастарымды, XX ғасырдың ұлдарын, қыздарын көрдім.  XX ғасырдың жастары сондай тәрбиелі еді: олар арақ ішпейтін, шылым шекпейтін. Олар қазақ әдебиетін жанындай сүйіп оқитын. Олар қазақтың ұлттық дәстүрлерін бойына сіңірген қыздар еді. Сол қыздарды сахнадан көріп, қатты  тебірендім».

**2-жүргізуші:** Романды халық айрықша бағалады. Бұл шығарма туралы республикада жазылмаған баспасөз қалмады десе де болады.  Ал жер- жердегі мектептер, училищелер мен институттарда қаншама оқырмандар конференциясы өтті десеңізші! Ал Қазақстан және басқа республикаларда тұратын жастардан келген хаттардың есебі жоқ. Тіпті өмір жолында  жазаға кесілген кейбір жігіттердің Ерболдай адал, таза боламыз деп уәде беріп, ант еткен хаттары, әскер қатарында тиісті міндетін өтеп жүрген азаматтардың жақсы жар, туған жер, отанды Ерболша сүйіп, қастерлейтін, романның өз жүректеріндегі патриоттық сезімді күшейте түсетіндігін мойындаған хаттар  бір сөре еді.

**1-жүргізуші:** «Махаббат қызық мол жылдар»  дегеннің өзі Абай өлеңінің бір жолы ғана ғой. Абай сөзін жастарға жеткізетін кітап болып қырық жыл өмір сүріп жатқанына қуанамын. «Қазір ондай кітап жазыла ма?» дейсіз ғой. Жазуға да болатын шығар. Бірақ қазір жастарымыздың мінез-құлқы, сұрқы бұзылып барады.  Қаракөз қыздарымыздың ішкені арақ, тартқаны темекі, көшеде жігітпен сүйісіп тұрады. Мұндай жастар жөнінде қандай кітап жазылмақ? Біірақ, бәрі де түзелер, қалпына келер, сол кезде, бәлкім, жазылар деп ойлаймын»-деген еді.

**2-жүргізуші:** Құдай-ау, қайда сол жылдар,

Махаббат, қызық мол жылдар?

Ақырын-ақырын шегініп,

Алыстап кетті-ау, құрғырлар.

**1-жүргізуші:** Әңгіме сүйіспеншілік жағына ауысты. Қазіргі әдебиетте махаббат туралы қалай жазу керектігі сөз болды.

**2-жүргізуші: -**Тургенев былай деген екен, - деді әдебиетті зерттеуші, - "Емен - ең берік ағаш. Оның беріктігін мынадан да білуге болады: өзге ағаштардың жапырағы күзде-ақ қурап, түсіп қалады; ал еменнің жапырағы қыста да бүлк етпейді; тек келесі көктемде бұтақтарында жаңа, жас бүршіктер қылтиып, бас жарғанда ғана оларға орын босатып, жерге құлайды. Мықты жүректі мекендеген ескі махаббат та осыған ұқсайды, өшсе де орын бермей, қоламталанып жатып алады; оны жалынды жаңа махаббат қана тықсырып шыға алады."

**1-жүргізуші:** -Ал, белгілі жазушы Пришвин өз күнделіктерінің бірінде былай деп жазыпты, - деді жазушы, - «Бүгінгі күннің тақырыбы - жеке адамға арналған махаббатты көпке деген сүйіспеншілікпен ұластыра білу, екінші сөзбен айтқанда: жеке адамды жақсы көре тұрып, көпті сүйе білудің жолын табу». Өте дұрыс айтылған. Бірақ осыны қалай көрсетуге болады?

-Оны білмеймін, - деді журналист. - Мен сіздерге тек қана өз махаббатымның тарихын айтып берейін.

-Айтыңыз, тілеуіңізді берсін.

-Ал, тыңдаңыздар онда.

-Мен оларды жақсы көрдім. Бірақ олар маған қарамады, - деп бастады Ербол әңгімесін. - Жалғыз қыз ғана жанымды ұқты, тек соны айтайын мен сізге.

(Көрініс орындалады).

Ән орындалады.

**2-жүргізуші:** Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов әдебиетімізге жаңа жанрлар қосып келе жатқан қаламгер. Олар: «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы, «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы, «Тоғыз толғау» повесть-монологы. Бұлардан басқа да бірнеше естелік-эссе, естелік-этюд, иетервью-әңгімелері бар. 10000 данамен жарық көрген жазушының «Мәңгілік махаббат жыры» деген жаңа туындысын ол прозалық поэма деп атаған. Қара сөз және ақ өлеңмен жазылған бұл туындының әр тарауы поэма тәріздес оқиғаларға толы. Олар бірінен соң бірі оқырмандарды тартып, тебірентіп, толқытып отырады. Көңілді қозғап, көзге жас келтіреді.

**1-жүргізуші:** Ұлы итальян ақыны Франческо Петрарка өз кітабын «Мадонна Лауранның өмірі мен өлімі туралы» деп атап, сонет түрінде жазған. Ал менің «Халимаға хатым» ақ өлең үлгісімен өрнектеледі. Әрине, мен өзімді Петрарка талантымен теңестіре алмаймын. Жүз есе, тіпті мың есе төмен болармын. Бірақ Халиманың Лаурадан бір елі төмен емес екеніне бәс тіге аламын»-дейді.

(Халимаға хаты оқылады).

## *III бөлім: «Ұл-қызым саған айтам»*

**2-жүргізуші:** Біз бойымызға ұзақ жылдар шым-шымдап сіңірілген бір бойкүйездіктен әлі арыла алмай келеміз. Ол – шет елдің, әсіресе, батыстың ойшылдары мен өнер адамдары десе, алдымен солардың еңбегіне жүгініп, солардың сөздерін беруге әбден дағдыланып алғанбыз. Ал өз ұлтымыздың асылдарын солардан кейін барып ауызға аламыз. Арыға бармай-ақ Абайды, Шәкәрімді, олардан кейінгі А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов тағы басқа классик жазушыларымыздың шығармаларында небір жақұт, иірімді, мән-мағынасы зор сөздер қаншама десеңізші, шіркін. Олардың бәрі жинақталып, жұрт пайдасына асырылмай жатыр-ау.

Шығармалары көркемдік шеберлігі мен мазмұнының қуаттылығы жағынан ерекшелене көрінген халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов  кітаптарында да елге, өнерге, өмірге сүйіспеншілігі, бауырмалдығы, парасаттылығы мен азаматтығы аса құнды афоризмдер және ой-толғамдармен өрілген қанатты сөздер арқылы аңғартылады. Оқисың да, автор жанының нұрын, ой мен сезімінің шырынын, рухани әлемінің болмысын, кіршіксіз көңілінің қайнар бұлағын сезінесің. Көбі мақал-мәтелге айналып кеткен.

**(Қанатты сөздер оқылады).**

Осы ойлары оның «Өмір өрнектері» деген еңбегінде берілген. Жазушының өзі айтқандай, жанры «әдеби күнделікке» жатады. Бұл туынды автордың ойларын қойын дәптеріне түсіріп отыруына құрылған.

**1-жүргізуші:**  (Махаббат жайындағы толғауларын оқиды).

**2-жүргізуші:** (Достық жайындағы толғауларын оқиды).

**(Қанатты сөздері оқылады).**

Ұлттық санамыздың өріс алуына, әр адамның бойына имандылық пен инабаттылық қасиеттердің сіңуіне, рухани азық болуына жарайтын бай қазына деп білеміз.

## Жастарға арналған мәслихат сөздер

**1-жүргізуші:**Ұлдар! Алдымен сөзімді сендерге арнаймын. Менің сендерден тілегім мынадай:
Арақ ішпендер айналайындар! Арақ – азаматтың жауы: халықтың, қоғамның дұшпаны. Арақ алдымен талантты адамдарды айналдырады, талантты құртады. Содан өзгелерге ауыз салады. Талантсыздарды да жалмап жұта береді. Ендеше арақ ішпеңдер, бауырларым.

**2-жүргізуші:** Қыздар! Жаңдарында жүрген жігіттерді ақылмен, әдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер.
Жігіттердің жұлқынған асау жүрегін адамгершілік асыл қасиеттермен бұйдалап алып, оларға айтқандарыңды істетіндер: арақ ішкізбеңдер,айқайға жуытпаңдар. Оларды түнгі он екіде мас боп рестораннан қайтып, тынымдап жатқан жұрттың шырқын бұзып, терезесінің түбінен текедей бақылдап өлең айтып өтпейтін етіңдер. Өйткені қыз жетектесе ілеспейтін, қыз қиылса көнбейтін жігіт жоқ бұл дүниеде. Өйткені ақыл анадан тарайды, адамгершілік әйелден басталады, қыздан – қылық, тәрбие, тәлім туындайды. Өздеріңе табиғат сыйлаған осы бір өзгеше өнерлеріңді қастарыңда қаумалап жүрген жігіттерге игі әсер етуге жұмсаңдар.

**1-жүргізуші:** Жігіттер! Қастарыңда отырған қыздарды құрметтеңдер, мәпелеңдер. Алақандарыңа салып, әлпештеңдер. Қыздың жанын қинамаңдар! Қыз – болашақтың анасы. Қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Анаңды ардақтап, әжеңді құрметтесең, қызды сыйла қарағым!

**2-жүргізуші:** Ер адамға жарасымды қасиет-адалдық, әділдік. Ең алдымен әйел затын ардақтай білу. Өйткені адамзаттың анасы – әйел. Әйелді ардақтай білген еркек – нағыз азамат. Азамат жүрегінде әйелге деген өшпейтін махаббат болу керек. Ұлтты өсіретін, сақтайтын, өркендететін, ұлттық қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіретін де – әйел. Сондықтан осы асыл жандарды алақанға салып аялай білуіміз керек.

Қыздар, жігіттер! Өмірдің қызық, ләззәті- адал достықта, айнымас қамқорлық, асыл махаббатта екенін әрдайым да естеріңде сақтаңдар!

## Оқушылар Әзілхан Нұршайықовтың монологтарын жатқа оқыды

**Кітап туралы:** Сейтқазы Аяжан, Серікбек Мақпал, Жылқыбаев Елнұр, Ақынбек Өркен;

**Өмір туралы:** Көркем Кәлимат;

**Махаббат туралы:** Жігер Ертай, Акимчинов Бақытжан, Мәуітбек Ерлан;

**Бақыт туралы:** Уразбекова Толғанай, БеркутбаеваАйдана;

**Тәуелсіздік туралы:** Мұрат Нұршуақ;

**Қыздар туралы:** Құмарбек Ләззат;

**Достық туралы:** Болт Мария, Қуатбек Жайдарман;

**Ерлік туралы:** Көркем Күлзипа;

**Әз аға:** Долдаханов Марғұлан

Батырлығын Баукеңнің батыл жазған, Әз аға,

Аңыз бенен шындықты ашып жазған, Әз аға.

Махаббатын жастықтың алаулатқан Әз аға,

Дархандығын даламның , ән ғып жазған, Әз аға.

Мәлік пенен Мәншүкті жыр ғып жазған,Әз аға,

Батырларын халқымның үлгі қылып жастарға

сомдап берген ,Әз аға.

Жазған үлгі хатыңыз,ұмытылмас , Әз аға

Еңбегіңіз тарихта, мәңгі қалар , Әз аға,

Ұлы болып халықтың , аты шыққан Сізге біз...

тағзым еттік, Әз аға!

***Ән:*** *«Батырлар ұраны».* ***Долдаханов Марғұлан***

***Қанат Дария***

***Әз ағама арнау***

Қазақтың туғанда-ақ бағына мың,
Әзілхан ағамызды сағынасың.
«Махаббат қызық мол жылдар» романын,
Оқысаң сол кісіге табынасың.

Өмірдің хақ шындығын жазатұғын,
Пір тұтқан ол өзінің ана тілін.
Ел бастаған ерекше серкесі еді,
Халқының қамын жеген қара- құрым.

Қаламы қарымды еді ағамыздың,
Ой туар оқығанда санаға мың.
Амал не ортамыздан ерте кеттің,
Еске алып өлең жазған балаңызбын.

«Махаббат қызық мол жылды» мұра еткен,
Ақындық мұраңызға табынамын.
Жармамның туын көкке биіктеткен,
Қазақтың бағы болған дара ұлым.

Әз-ағаның ардақты ауылымыз,
Қары да бұрқасыны, жауынымыз,
Бұл ауылда туған ұлы ағалар,
Сондықтан бітпейді ойын –сауығымыз.

Ақбұзаудың түлеген түлектері,
Әрдайым ел деп соққан жүректері
Қиындық атаулының бәрін жеңіп,
«Махаббат қызық мол жылда»  тізбектеді.

Мәңгілік Әз ағамыз жүрегімде,
Жүрекке шаттық сыйлап жыр егуде.
Амал не, ортамыздан ерте кеттің,
Келсең де көп емес еді жүз елуге.

Артыңда ардақтаған елің қалды,
Асқар асу, айдын көл жерің қалды.
Ел есінен кетпейсің, есіл ерім,
Аға-бауыр, туысқан, келін қалды.

Өмірде аңдап басқан бар қадамын,
Бар сырын білмейміз ғой сырлы ағаның,
Әз –аға, топырағың торқа болсын,
Сізді ойлап жүрегіммен жыр жазамын.

## *Қорытынды*

Кейде өзі дүниені лайлап жүріп адалдық, моральдық тазалық туралы айғай салатын ағайындарды көргенде, іштей қысылып, қынжылып қалатынымыз бар. Жазушы өз жүрегі ағармай тұрып  моральдық-этикалық мәселелер туралы шыншылдықпен айта алмайды, айтқандары және сендірмейді, әсер етпейді. Жақын араласқан қай-қайсысы болса да оның таза, кішіпейіл гуманистік қасиетін мойындайды, сол үшін сыйлайды да. Міне, жазушының бұл қасиеттері оның кейіпкерлеріне де тән. Жүрек сөзін ағынан жарылып, ашық айта алғандықтан да оның шығармалары оқушы қауымның нәзік сезімдерін қозғап, жүрегіне жылу дарытып, санасына жарық сәуле шашады.

# Мазмұны


1. Пікір........................................................................................ 3
2. Түсінік хат................................................................................. 6
3. «Әзілхану» бағдарламасының жылдық жұмыс жоспарының мазмұны...................................................................... 9
4. Сабақтар..жоспары................................................................... 17
5. Пайдаланған әдебиеттер..тізімі................................................ 19
6. Ерлік пен махаббаттың жыршысы атты кеш.......................... 20
7.Әдеби кештің мақсаты:.............................................................. 20
8.Оқушылардың арнауы.............................................................. 20
9. І-бөлім «Талаптың мініп тұлпарын...».................................... 23
10.ІІ-бөлім. «Махаббат, қызық мол жылдар»............................. 26
11.ІІІ бөлім: «Ұл-қызым саған айтам»........................................ 29
12. Оқушылар Әзілхан Нұршайықовтың монологтарын жатқа оқыды....................................................................................... 31
13. Қорытынды ............................................................................ 33


ТУҒАН ӨЛКЕМ, ҚАНДАЙ КӨРКЕМ


Ауданым, аты әйгілі Жармам менің,
Самал тау, сырнайлы өзен, арнам менің.
Кен қазып, мал өсіріп, егін еккен,
Кәсібім - қара кенім, алуан менің.
Қ.Алтынбаев

# «Ауылдың құрметті азаматы»



Ұлт мақтаныштарынан қолтаңба!

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ

Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Екінші дәрежелі Даңқ, "Құрмет белгісі," Халықтар Достығы, Екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерінің иесі. "Махаббат жыры" (1964), "Тоғыз толғау" (1977), "Автопортрет" (1977), "Махаббат, қызық мол жылдар" (1970) романы, "Ақиқат пен аңыз" (1976) роман-диалогы, тағы басқа кітаптардың авторы.

1922 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Келінсуйегі деген жерде дүниеге келген.

–Әкем колхоз бастығы еді. 1938 жылы 7-сыныпты бітірдім. Комбайншыға көмекшімін. Шөп шабамыз. Көпене саламыз. Бір күні сабантой іспетті думан болды. Ересектер жағы ішімдік ішті. Тойды дүрілдетті. Бірақ ертеңіне комбайншылар ауырып, жұмысқа шықпай қалды. Мен осы жайтты аудандық газетке жазып жібердім. Колхоз бастығы әкемнің де аты-жөні аталған мақалам газетте жарқ ете қалды. Содан үлкен айқай-шу болсын. Әкеме аудан басшылары сөгіс берді. Комбайншы ағам мені аямай сабап, жұмыстан қуып жіберді...

Он алты жасқа дейін көктемде, жазда, күзде үнемі жалаңаяқ жүрдім. Жоқшылық кезі ғой. Осы жылы жалаңаяқ Алматыға оқуға тарттым. Брезент бәтеңкені қалаға келген соң сатып алдым. Ол уақытта Сталин - "күн көсем". Сталиннің басында үнемі - қоқырайған әскери бас киім. Бір дүкенге кірсем, көсемнің басындағыдай бас киімдер қаптап тұр. Мен де соның біреуін сатып алып, қоқырайтып басыма киіп, оқуға бардым.

Тау-кен институтының жұмысшы факультеті. Сабақ орысша жүреді екен. Менің орысшам шамалы. Сосын қолды бір сілтеп, Семейдегі педучилищеге жол тарттым. Одан әрі оқуымды пединститутта жалғастырдым.

–Сіз Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатыстыңыз ғой?

–Иә. Бұл соғыс 1418 күнге созылды. Мен соғыста 786 күн алғы шепте болдым. Зеңбірек командирі ретінде.

–Сіздің әйгілі батыр апамыз Мәншүк Мәметовамен таныс болғандығыңызды білеміз...

–1941 жылы Алматыда 100-атқыштар бригадасы жасақталды. Сол бригада құрамында мен де, Мәншүк те болдық. Мәншүкті соғыс кезінде екі-үш рет көрдім. Бірде мен штабқа жауынгерлер жайлы, өлі-тірісі т.б. жөнінде мәлімет әкелдім. Мәншүк штабта қызмет істейді екен. "Әй, қыз, мәліметті қабылда!" дедім қазақша. Ол маған: "Неге қазақша сөйлейсің?! Бұл жерде тек орысша сөйлеуге тиіссің!"-деп маған орысша зіркілдеп, жер-жебіріме жетті. Екінші рет кездесуім: Мәншүк штабтан сұранып, атқыштар құрамына қосылыпты. Ну орман ішінде бір топ жауынгерлер жолығысып қалдық. Аты-жөнімізді, туған жылымызды сұрап, шұрқырасып жатырмыз: "Уай, жан құрбыларӏ Беріміз қатар екенбіз-ау! Мынау орыс орманының ішінде қазақша шырқайықшы бір! Әлдеқандай заман болады... Мына қанды қасаптан аман-сау шығамыз ба, жоқ па?"-деді Мәншүк. Содан Мәншүк Ақан Серінің "Қараторғайын" әуелетті, С.Кешекбаев "Зәурешті" боздатты. Үшінші рет Мәншүкті жерлеуге жиналдық. Мен "Жан құрбым" деген өлеңімді оқыдым. (Әзекең бес-алты шумағын жатқа айтты. Өлең былай аяқталады екен):

"Сынған жоқ өлсең-дағы сенің сағың,
Өшкен жоқ, әрлей түсті жастық бағың.
Еске алып, аруағыңа бас иеміз,
Жан құрбым, торқа болсын топырағың"

–Бұл соғыс сіздің отбасыңызға да қайғы-қасірет әкелген шығар?

–Әкелгенде қандай! Әкем 1943 жылы қанды қырғында, әкемнің інісі, мені сабайтын комбайншы ағайым Ленинградты қорғау кезінде қаза тапты. Осы қайғыларды көтере алмай, аяулы анам да сол соғыс жылдары, өмірден озыпты.

–Мына нарық заманы қаламгерлерге оңай тиіп тұрған жоқ. Кітаптарыңыз шығып жатыр ма?

–Менің жолым болды. Үйіме халық қалаулысы Нұртай Сабильянов өзі іздеп келді. "Сіздің кітаптарыңызды басымызға жастап жатып оқып, азамат болдық" дейді. Сол мыңжасағыр "Мәңгілік махаббат жыры" (54 жыл отасқан жарым Халимаға арналған), оған қоса тағы екі кітабымды шығарып берді.

Тәубе, ойда-жоқта кездесіп, танысқан, Солтүстік Қазақстан облысында заң қызметкері болып істейтін Бекет Тұрғараев деген азамат он томдық шығармалар жинағымды Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында, "Қазығұрт" баспасынан шығарды. Азаматтар аман болсын. Жағдай осы.

Әңгімеңізге көп рахмет, Әзаға.

8 Айгөлек

Әңгімелескен Әлсейіт АҚПАНБЕТҰЛЫ

# ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

- Әзілхан Нұршайықов-15 желтоқсанда1922 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, Келінсуйегі деген жер /Ақбұзау ауылында дүниеге келген жазушы. 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыс жылдарында 100-ші атқыштар дивизиясы зениттті расчетінің командирі болды. Великие Луки, Невель қалалары түбіндегі шайқастарға қатысқан. 1949 жылы ҚАЗГУ филология факультетін бітірді. Павлодар облысының «Қызыл ту» /1953-56ж/ газетінің редакторы «Социалистік Қазақстан» газетінің /1965-68ж/ әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, редакторорынбасары, қазақ Совет энциклопедиясында редакция меңгерушісі /1968-1972ж/ болды. Қаз.ССРы-ның М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында істейді. Нұршайықов алғаш рет республика халқына публицист ретінде танылады. Ол «Алыстағы ауданда» /1966ж/, «Тың астығы» /1958ж/, «Ертіс жағасында» /1959ж/, «Жомарт өлке» /1966ж/, атты очерктер мен әңгімелер жинақтарында тың игерушілердің еңбегін, достығын баяндайды. «Алтын соқпақ» /1967ж/, «Менің Қазақстаным» /Ә.Жұмабаев, С.Бақбергеновтармен бірге 1967 ж/ туған жер, табиғаттың, оның алуан тағдырлы адамдарын суреттейді. Оның шығармашылығы негізінен жастар тәрбиесіне, Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің өнегелі өміріне арналған. Ол-Қазақстан жазушылар одағының 4,5,6-съездерінде Қазақстан жазушылар одағының басқармасы мүшесі болып сайланды. 2-Дәрежелі Даңқ, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

## ӘЗ-АҒАНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМЫ-«ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕГІ ӨРКЕНДЕУ».

- **Әскери атағы-аға сержант.**
- **Діни көзқарасы-атеист.**
- **Саяси қайраткер ретіндегі идеалы-К.Маркс, В.И.Ленин, Н.Ә.Назарбаев**
- **Хоббиі-фотография, жақсы кітаптар жинау, оқу, жазу және оқырмандармен жүздесу.**



## ӘЗ-АҒАНЫҢ ОТБАСЫ

- Жұбайы-Өзбақанова-Нұршайықова Халима Калиакбарқызы /1922-2001/, оқытушы, әдеби серігі болған.
- Қыздары-Нұршайықова Жанар Әзілханқызы /1949 жылы туған/, филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұршайықова Жаннат Әзілханқызы

/1951 жылы туған/, экономист;

- Ұлдары-Арнұр Әзілханұлы/1952 жылы туған/, инженер-энергетик, Жаннұр Әзілханұлы /1954 жылы туған/, инженер-электрик.









ТҰЛҒА

# Аты аңызға айналатын Әз-аға

Неля БЕРІКҚЫЗЫ

**«Махаббат, қызық мол жылдар». Бұл романды білмейтін жан кемде-кем десек өтірік емес. Ол роман қазақ жастары үшін мәңгілік махаббаттың символындай! Солай болды және бола да бермек. Романмен бірге оның авторы Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ та жастардың жүрегінен орын тапты.**

Әзілхан Нұршайықов 1922 жылы Семейдің Жарма ауданында дүниеге келген. Жастайынан сұрапыл соғысты көзімен көріп, қанды майданның ортасында жүрген Әзілхан аға бүгінде ұлағатты жазушы, халық қалаулысы, елдің мақтанышы. Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының, Фадеев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты.

Соғыстан оралған жас жауынгер 1945 жылы ҚазҰУ-дің филология факультетіне түсіп, оны бітіргеннен кейін журналистік мамандықпен айналысып, көптеген басылымдардың басы-қасында жүрелі. Әз-аға республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы, 1961 жылы қайтадан «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жаңадан құрылған Қазақ Совет Энциклопедиясы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бөлім меңгерушісі, ғылыми қызметкер болған жазушы-журналист.

Қаламгердің «Тың астығы», «Ертіс жағасында», «Жомарт өлке», «Село коммунистері», «Комбайншы» деп аталатын очерктері, «Махаббат жыры», «Ботакөз», «Ескі дәптер», «Әсем», лирикалық повестері, «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз» романдары, «Алтын соқпақ», «Батырдың өмірі», «Автопортрет», «Тоғыз толғау», «Астық», «Талқы», «Алыстағы ауданда» повесть-әңгімелері қазақ әдебиетіне қосқан мол мұрасы, асыл қазынасы.

Әз-аға бүгінде сексеннен асса дағы өзінің оқырмандарымен тығыз қарым-қатынаста. Ол кісінің шығармалары оқушы қауымның үлкен сұранысына ие болып, жылда қайталанып, шығып жатқан жайы бар. Әрине, бұл - жазушының үлкен бақыты.

(Жалғасы 6-бетте)

## Туған жер-алтын бесік.

-Менің туған жерім- Жарма ауданы, «Келінсүйегі» дейтін ауыл. Ол жерде Қарасу деген өзен бар еді. Соның бойында 4-5 үй отыратын. Революцияға дейін шаруалар бөлек-бөлек қыстауларда тұрып жататын, Сол Қарасудың бойындағы жаңағы ауылда тудым.

Ә.Нұршайықов



Ұлы Жеңіске 60

Әзағаң бұл –
"Ұланның"
Жас тілшісі
Бұрынғы.
Ел перзенті
Бүгінгі
Нағыз өзі қыранның.

Қазақстан Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ ағаларың:

– 786 күн сұрапыл майданда неміс-фашистеріне қарсы соғыста 76 мм зеңбірек командирі болдым. Біздің артиллерияға қарағанда, жаяу әскерлерден шығын өте көп болды. Бізден де болды, бірақ тап олардағыдай емес. Сол үшін де маған 76мм зеңбіректің кішкене ғана макеті қадірлі де қасиетті. Мен осы күнге жеткенше, осы зеңбірекке қарыздармын.

Суретті түсірген Жүсіп ЕРҒАЛИЕВ.

*Әз-аға!*
*Батырлығын Баукеңнің батыл жазған, Әз-аға,*
*Аңыз бенен шындықты ашып жазған, Әз-аға.*
*Махаббатын жастықтың алаулатқан, Әз-аға,*
*Дархандығын даламның, ән ғып жазған, Әз-аға.*
*Мәлік пенен Мәншүкті жыр ғып жазған, Әз-аға,*
*Батырларын халқымның үлгі қылып жастарға Сомдап берген, Әз-аға.*
*Жазған үлгі хатыңыз, ұмытылмас, Әз-аға.*
*Еңбегіңіз тарихта, мәңгі қалар, Әз-аға,*
*Ұлы болып халықтың,*
*Аты шыққан Сізге біз....*
*Тағзым еттік Әз-аға*

# МАХАББАТТЫ ЖЫР ЕТКЕН ЖЕРЛЕСІМІЗ













## АРНАУ

**Сіз Абайдың сөзін ұғып өстіңіз,**
**Талай ұлы асулардан өттіңіз.**
**Адамзаттық тұлғаңызбен биік боп,**
**Адамдықтың нәрін бізге септіңіз**

# ЕСКІРМЕЙТІН ЕСТЕЛІК



ЕСТЕЛІК

## Біз ҮШЕУ ЕДІК ол кезде

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,
Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының майдангер-ардагері

**Біз үшеу едік: аға сержант Қабыш Мусин, аға сержант Тәкен Майшынов және аға сержант мен – Әзілхан Нұршайықов. Үшеуіміз де 1922 жылы туған құрдас едік.**

Сол үшеуіміз сонау Польша жерінде неміс фашистерімен соғысып жатқан 1-Брест Қызылтулы атқыштар дивизиясынан делегация болып Қазақстанға келдік.

Бізді Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қабылдады. Ертеңінде, 1944 жылдың 28-қыркүйегінде «Социалистік Қазақстан» газетінде біз туралы «Делегация келді» деген хабар жарияланды. Үшеуміздің қатар тұрған суретіміз басылды.

Бізге Қонаев ағамыз туған ауылымызға барып қайтуға рұқсат берді. Қабыш өзінің туған жері Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданындағы «Еңбек» колхозында, Тәкен Талдықорған облысының Ақсу ауданындағы «Жасұлан» колхозында, мен Семей облысының Жарма ауданындағы «Ақбұзау» колхозында болып, бесінші күні Алматыға қайтып оралдық.

Қазақстан үкіметі бұрын Алматыда жасақталған 100-ші қазақ атқыштар бригадасының негізінде жаңадан құрылған 1-Брест Қызылтулы атқыштар дивизиясына сәлемдеме ретінде 60 тонна құрт, 40 тонна кепкен балық берді.

Біз бұл астықты Қызылорда облысынан (обкомның бірінші хатшысы Рақымбай Төлебаев, облатком төрағасы Медеу Аталықов) алып, майдандағы өз дивизиямызға жеткіздік. Бізге батареямыздың старшинасы Ермек Далабаев сол құрттың қалдығынан 1945 жылы 9-мамыр күні немістердің Висмар қаласында палау бастырып берді. Жеңістің ұлы күні біздің Қазақстан құртынен жасалған палауды жегеніміз ұмытылмастай болып, есімізде қалды.

Үшеуміз де соғыстан аман қайттық. Қабыш өзінің Ұлан ауданына, Тәкен Ақсу ауданына кетті. Мен Жарма ауданындағы өз ауылым «Ақбұзау» колхозына бармастан, әскери эшелон Алматыға келгеннен кейін поездан түсіп қалдым. Өйткені, әкем Нұршайық пен ағайым Нығап Амангелдиндер соғыста оққа ұшқан. Шешем Мұхтар Жиенбайқызы соғыс кезінде ауылда қайтыс болған. Сондықтан, мен ауылға бармай, Алматыдағы С.М. Киров атындағы университеттің тарих-филология факультетіне оқуға түстім.

Соғыстан кейін Тәкенмен жиі кездесіп жүрдім. Ал Қабышты бір-ақ рет көрдім. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяқ жағында Өскемен қаласындағы қорғасын-мырыш комбинатының (директоры Ахат Күленов еді) Мәдениет үйінде менің «Махаббат жыры» повесім бойынша спектакль қойылды. Оның премьерасына Алматыдан мені шақырды. Мен сол кездегі обкомның екінші хатшысы Кәдірім Боттаевқа айтып, Шығыс Қазақстан облысындағы майдангер жолдастарымды сол қойылымды көруге шақырттым. Тәбриа ауданында тұратын сол повестің бас кейіпкері, екі көзінен Великие Луки қаласы үшін соғыста айырылған менің зеңбірек көздеушім Әділхан Құсайыновы әйелі Асылтаймен, Ұлан ауданында тұратын Қаптай Қырықбаев пен Қабыш Мусин келді.

Бәрміз құрқырасып табысып, қойылымды көрдік. Қонақүйде бірге болып, түні бойы әңгіме шерттік. Сонда Қабыштың:

– Әй, Әзілхан, сенің соғыстан аман қалғаның қандай жақсы болды. Сен болмасаң, бүйтіп біздің басымызды қосып ма еді, – дегені әлі күнге дейін есімде.

Содан біраз жылдан кейін Қабыштың қайтыс болғанын естідім.

Жеңістің 65 жылдығына байланысты естелік жазбақ болып (ол естелігім бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің 08.05.2010 санында басылды) үйдегі архивімді ақтардым. Сол кезде өзімнің делегация басқарып, Қазақстанға келгенім туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде (қазіргі «Егемен Қазақстан») басылған хабарды тауып алдым. Одан кейін соғыс кезінде майданнан жіберіп, Семей облыстық «Екпінді» газетінде басылған бірнеше өлеңдерім мен очерктерімді және таптым. Семей облыстық «Екпінді» газетінде жарияланған «Майданнан сәлем» («Екпінді», 1943 жылы, 8-қазан), «Ек сержант» («Екпінді», 1943 жылы, 4-шілде), «Ант» («Екпінді», 1943 жыл), «Біз Берлин[…] боламыз» («Екпінді», 1944 жыл), «Кесет» деге[…] поэма (1943 жыл), «Дайындаңдар орама[…] (1945 жыл) деген өлеңдерім, «Қазақ өлен[…] (1943), «Даңқ» деген очерктерім және бас[…] мақалаларым кезінде оңтай басылды.

«Даңқ» очеркім «Екпінді» газетінің 194[…] жылдың 1-ші және 3-қазан күнгі екі нөмірінд[…] басылған екен.

Алғашында 100-ші қазақ атқышта[…] бригадасының, кейін 1-Брест атқышта[…] дивизиясының жау шебіне кіріп, бірнеше р[…] «тіл» әкелген атақты барлаушымыз, қаһарм[…] Қабыш Мусин туралы 1944 жылы тамыз айын[…] жазып, майданнан Семейде шығатын «Екпінд[…] газетіне жіберіппін. Ол кезде мен Қабы[…] Мусин, Тәкен Майшынова үшеуміздің делег[…] болып, Алматыға келетінімізді білген жоқ едім[…] Ол очерк біз Қонаев ағамыздың рұқсатыма[…] Алматыдан өз ауылдарымызға барған кез[…] басылыпты. Мен оны көргенім жоқ. Соғыст[…] келгеннен кейін бір-ақ білдім.

Қазір Ұлан ауданында Қабыш Мусинн[…] балалары, немерелері бар шығар.

Қабыш екі ағайынды болатын. Ағас[…] Манап Мусин соғысқа дейін Қазақстанн[…] Орталық комсомол комитетінде жауапт[…] қызмет атқарған. Соғыс басталып, Алматы[…] 316-шы атқыштар (кейін 8-ші гвардиялы[…] дивизиясы жасақталып, соның құрамын[…] майданға барғанда оққа ұшқан. Оның да б[…] балалары бар еді.

Біз үшеу едік. Содан бүгін біреуміз ғана ж[…] басып жүрміз. Осыдан он шақты жыл бұры[…] атақты барлаушы батыр Тәкен де еліне елеу[…] еңбек етіп, өмірден өткен.

# СІЗДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫҢЫЗ, ОЙЛАРЫҢЫЗ- ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ.



## Аты аңызға айналатын Әз-аға

# АҚЫНМЕН КЕЗДЕСУ













# ОТТЫ ЖЫЛДАР ЕЛЕСІ


ОҚҚА ҰШҚАН ГАЗЕТ

(Новелла-естелік)

**Соғыстың құны-уланған арман**
**Соғыстың құны-лаулаған орман.**
**Соғыстың құны-кесілген білек**
**Соғыстың құны-тесілген жүрек.**

# «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ»





**1980 ЖЫЛЫ «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАН-ДИАЛОГІ ҮШІН ҚАЗАҚ КСР-ІНІҢ АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ БОЛДЫ.**

**«АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАН-ДИАЛОГІ УКРАИН ЖӘНЕ ЧЕХ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ.**

# ЕҢБЕКТЕРІ




# ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

- Тоғыз толғау, А., 1977
- Автопортрет, А., 1977
- Шығ. жин. 2 т., А., 1992
- Жамбылға хат: Әскери естеліктер, А., 1996
- Қаламгер және оның достары, А., 2000
- Өмір өрнектері: Әдеби күнделіктер, А., 2000
- Махаббат қызық мол жылдар (орыс тілінде, 1980 – 82), А., 2002
- Ақиқат пен аңыз, А., 2004
- Махаббат жырлары (орыс тілінде, 1965 – 82), А., 2005
- Мәңгілік махаббат жыры, А., 2005
- Таңд. шығ. жин., 10 т., 2005.

# ЖЫЛНАМАЛАР

- 1941 – 45 жылдары — Қызыл әскер қатарында соғысқа қатысты. Өлеңдері, әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық, облыстық газеттерде басылды. Соғыстан кейін ҚазМУ-ды бітірген (1949).
- 1953 – 79 жылдары — "Қазақстан пионері" (қазіргі "Ұлан") газетінің бөлім меңгерушісі, "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары,
- 1953 – 56 жылдары — Павлодар облысы "Қызыл ту" газетінің редакторы,
- 1961 – 63 жылдары — республикалық "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақ Совет энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болды. Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы "Алыстағы ауданда" деген атпен 1956 жылы жарық көрді.
- 1980 жылы — жиырмадан астам кітаптары жарық көрген қаламгер "Ақиқат пен аңыз" роман-диалогі үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығы
- 1980 жылы — ҚР халық жазушысы
- 1987 жылы — "Дорогие памяти" әскери-патриоттық жинағы үшін А.А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықты алды.

- ***Әз-аға «Бірлік» орта мектебінде***




КІТАП ЖАРШЫСЫ


ЖАЗУШЫЛАР












ПАМЯТЬ
1941-
1945



Қазақ әдебиеті орны толмас қазаға душар болды. 89 жасқа қараған шағында жазушы-журналист, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов дүниеден озды.





Ұлы Жеңіске 60

Әзағаң бұл –
"Ұланның"
Жас тілшісі
Бұрынғы.
Ел перзенті
Бүгінгі
Нағыз өзі қыранның.

Қазақстан Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ ағамыздың:

– 786 күн сұрапыл майданда неміс-фашистеріне қарсы соғыста 76 мм зеңбірек командирі болдым. Біздің артиллерияға қарағанда, жаяу әскерлерден шығын өте көп болды. Бізден де болды, бірақ тап олардағыдай емес. Сол үшін де маған 76мм зеңбіректің кішкене ғана макеті қадірлі де қасиетті. Мен осы күнге жеткенше, осы зеңбірекке қарыздармын.

Суретті түсірген Жүсіп ЕРҒАЛИЕВ.

*Әз-аға!*

*Батырлығын Баукеңнің батыл жазған, Әз-аға,*

*Аңыз бенен шындықты ашып жазған, Әз-аға.*

*Махаббатын жастықтың алаулатқан, Әз-аға,*

*Дархандығын даламның, ән ғып жазған, Әз-аға.*

*Мәлік пенен Мәншүкті жыр ғып жазған, Әз-аға,*

*Батырларын халқымның үлгі қылып жастарға Сомдап берген, Әз-аға.*

*Жазған үлгі хатыңыз, ұмытылмас, Әз-аға.*

*Еңбегіңіз тарихта, мәңгі қалар, Әз-аға,*

*Ұлы болып халықтың,*

*Аты шыққан Сізге біз....*

*Тағзым еттік Әз-аға*

**Бакытгуль Мубараковна Мусакиева-**

**Шығыс Қазақстан облысы**
**Жарма аудандық білім бөлімінің**

**«Бірлік орта мектебі» КММ-нің қазақ тілі мен**

**әдебиеті пәнінің жоғары санатты,**
**зерттеуші- педагогы**

# «Әзілхантану»

## Қолданбалы курсы

## 9-10-11-сынып оқушыларына арналған